QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY
ULTTYQ MÝZEIÍ

МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 1 (100)

Астана
2023

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

СЫДЫҚОВ Айбек Жексенәліұлы – PhD докторы (алқа төрағасы) (Қазақстан)

АЯҒАН Бүркітбай Ғылманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АРТЫҚБАЕВ Жамбыл Омарұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ЫБЫРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы – Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

СҰРАҒАНОВА Зүбайда Қабиқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, этнограф (Қазақстан)

БЕКНАЗАРОВ Рақым Ағыбайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ФАЙЗУЛЛИНА Ғалия Шаукетовна – тарих ғылымдарының кандидаты, музейтанушы (Қазақстан)

БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ШЕГЕБАЕВ Пернебек Шегебайұлы – өнертану ғылымының кандидаты (Қазақстан)

РОМАНОВА Екатерина Назаровна – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Ресей Федерациясы, Саха Республикасы)

АЙТПАЕВА Гулнара Амановна – филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)

СТАВСКАЯ Людмила Георгиевна – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қырғызстан)

АНДРАШ Биро Жолт – антрополог (Мажарстан)

ОСМАН Каратай – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия)

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Музей өмірі / Жизнь музея

«Берел» ғылыми-зерттеу қоры 4
Қазақстандағы археологиялық зерттеулердің жетістіктері 6

Самашев З. Новый памятник раннесакского времени в Восточном Казахстане 8
Чугунов К.В. Раннескифский период в Центральной Азии в русле концепции культурно-хронологических горизонтов: опорные памятники и новые открытия 19
Утубаев Ж.Р. Бәбіш мола кешеніндегі жаңа зерттеулердің кейбір нәтижелері 37
Подушкин А.Н. Қаңлы мемлекетінің жоғары өнерінің сюжеттеріне интерпретация 51
Джафаров Г.Ф. О тандеме неолит – энеолит 71
Джафарова Д. Памятники Карабахской группы Ходжалы-Кедабекской археологической культуры (по материалам курганов Довшанлы – Баллукая – Ахмахи) 83
Серхан Ч. Түркиядағы ЮНЕСКО-ның мәдени мұралары тізіміне енген кейбір археологиялық ескерткіштер.....101
Байтлеу Д.А., Искаков А.Ш., Акшабаева Е.Б. Памятники наскального искусства Мугалжар 107
Дарменов Р.Т. История изучения неолитических памятников северо-восточного Приаралья ... 121
Нағашбекова С.М. Ортағасырлық Түркия қолжазбаларындағы Шу, Талас өңіріне қатысты деректер 127
Шильдебаева Ж. Интересные археологические находки древнего городища Тараз 134
Жунисханов А.С. Из истории археологического изучения и предварительные итоги аварийных раскопок на территории г. Семей 140
Чотбаев А.Е., Ержанова А.Е. Жер шаруашылығымен айналысқан Ақбауыр-III қонысы 147

CONTENTS

Museum life

Research Foundation «Berel» 4
Achievements of archaeological research in Kazakhstan 6

Samashev Z. A new site of the Early Saka time in East Kazakhstan 8
Chugunov K.V. The early Scythian period in Central Asia within the concept of cultural-chronological horizons: leading sites and new discoveries 19
Utubayev Zh. Some results of research in the Babish mola complex 37
Podushkin A.N. To the interpretation of the subjects of the high art of the Kangju state 51
Jafarov G.F. About Neolithic-Eneolithic tandem 71
Jafarova D. Sites of Karabakh group of Khojaly-Gedabek archaeological culture (by the materials of the Dovshanly-Ballukaya-Ahmakhi mounds) …. 83

Serhan C. Some archaeological sıte areas ın UNESCO cultural heritage list in Turkey 101

Baitileu D. A., Iskakov A. Sh., Akshabayeva E. B. Sites of rock art of Mugalzhar 107
Darmenov R.T. History of studying Neolitic sites in the north-eastern Aral region 121
Nagashbekova S.M. Data in the medieval Turkish manuscripts related to the Talas, Shu region 127

Shildebayeva Zh. Interesting archaeological finds of the ancient Taraz settlements 134

Zhuniskhanov A.S. From the history of archaeological studies and preliminary results of emergency excavations on the territory of the city of Semey 140
Chotbayev A.E., Yerzhanova A.E. The settlement of Akbauyr-III, engaged in land farming 147

МӘДЕНИ МҰРА

https://doi.org/10.47500/2023.v13.i1.13

Чотбаев А.Е.[1], Ержанова А.Е.[2]
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: [1]*archtopmail@mail.ru*
[2]*erjanova_a@mail.ru*

ЖЕР ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСҚАН АҚБАУЫР-III ҚОНЫСЫ


Мақалада Ақбауыр-III қонысына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері мен археологиялық материалдарына жүргізілген талдау нәтижелері берілген. Қоныстың ерекшелігі қола дәуірінде өмір сүрген ертедегі тұрғындардың мал шаруашылығы және егіншілікпен айналысқаны, оған қоныстың мәдени қабатынан табылған заттай деректер дәлел. Солардың арасындағы ерекшелері, ол – дәнүккіштер. Сонымен қатар, қоныстан жерүсті пештері мен ошақтардың орындары табылды.

Кілт сөздер: *қоныс, жерүсті пеші, қола ғасыры, тұрғын үй, керамика, тас құралдар, сүйек бұйымдар, құрылыс.*

Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданының, Ақбауыр кешеніндегі қола дәуірінен бастап, кейінгі этнографиялық кезеңге дейінгі аралықты қамтитын ескерткіштердің арасында Ақбауыр-III қонысы орналасқан және де Ақбауыр-I ерте сақ дәуірінің қонысынан алыс емес жерде. Қоныстың екі жағынан таулар қоршап тұр. Қонысты батысынан шектеп тұрған биік емес жотаның тік беткейіндегі тастардың бірнеше жерінде суреттер кездеседі, ал оның үстіңгі тегіс бетінде құрбандық шалуға арналған шұңқыршалар бар. Тас бетіндегі жылқылар мен киіктердің бейнесі ерте темір ғасырында салынған (Самашев, 2020: 103).

Қоныста 2021 жылдан бастап, З. Самашевтың басшылығымен (топ басшысы Чотбаев А.Е.) қазба жұмысы жүргізіліп келеді. Қоныстың аумағын анықтау және мәдени қабаттарын қадағалау негізінде қоныс аумағы 4х4 м болып келетін шаршыларға бөлінді, өз ішінде әр сектор 1х1м шаршыға бөлініп, батыстан шығысқа қарай әріптермен A, B, C, D, E, F, G, H, I, J, K, L, M, N, O, P белгіленсе, солтүстіктен оңтүстікке қарай 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 цифрларымен белгіленді. Әр сектор цифрлармен белгіленді, жалпы қазба 16 сектордан тұрады. Қазіргі таңда қоныстың 256 м^2 аумағы тазаланып, тұрғын үй орны ашылды (*сур. 1*).

Ертедегі қола дәуіріндегі тұрғын үй қазіргі топырақ қабатынан 30-40 см тереңдікте орналасқан. Құрылыс бір камералы, 6х3,2 м өлшемді жартылай жертөлелі болып келген. Тұрғын үй сопақша формалы болып келген, негізі тастан жасалған. Жалпы аумағы 18,2 м^2, тұрғын-үй солтүстік-батыс – оңтүстік-шығыс бойлығымен бағытталған (Самашев и др., 2022: 133-134).



Сур. 1. *Қазбаның схемалық сеткасы*

Fig. 1. *Schematic grids of the excavation*

Құрылыстың қабырғалары нашар сақталған. Тастан қаланған қабырғаның жоғарғы бөлігі құрылыстың ішкі, кейбірі сыртқы жағына құлаған. Шығыс қабырғасы қазіргі жер бетінен 40 см тереңдікте орналасқан. Шығыс қабырғаны гранит пен кварцит минералынан жасалған таудың тақтатастарын қырынан, көлденеңінен қою арқылы өрген. Қабырғаның ұзындығы 4,9 м, ені 60 см, биіктігі 45 см. Шығыс қабырға шеңберлене келіп, солтүстік қабырғаға жалғасады. Солтүстік қабырға өте нашар сақталған, себебі кейбір жерлерінің тастары бірақ қатар ғана қалған. Сақталған қабырғаның биіктігі 30 см, ені 50 см, солтүстік қабырғаның ұзындығы 4,3 м. Солтүстік қабырғаның ерекшелігі тақтатастарды қырынан қою арқылы өрілгені. Солтүстік қабырға да шеңберлене келіп, батыс қабырғаға жалғасады. Батыс қабырға орташа тақтатастарды тігінен, кей жерінде көлденеңінен сала отырып тұрғызылған. Тақтатастардың арасы саз балшықпен толтырылып отырған. Қабырғаның ұзындығы 4,5 м, ені 45-50 см, биіктігі 45 см. Құрылыстың оңтүстік қабырғасы 5,8 м, ені 60 см, биіктігі 50 см. Оңтүстік қабырғаның бастау алған жерінен 2 м шығысқа қарай есіктің ойығы бар. Есіктің ойығының ені 87 см. Оңтүстік қабырғаның бір ерекшелігі – үлкен тау тастарынан қаланып, құрылыстың оңтүстік-шығыс бөлігінде қосалқы бөлменің салынуы.

Қималық жағынан алып қарайтын болсақ үй 2, 3, 4, 6, 7, 8 секторларында, E, F, G, H, I, J, K, L, M, N, O, P шаршыларын алып жатыр. Үйді салу үшін ең алдымен таудың етегін тегістеу мақсатында сазды топырақты толтырып, таптаған. Үйдің қабырғасын тұрғызу үшін ең алдымен сазға гранит минералының үгіндісін және әктасты араластыра отырып, биіктігі 10-21 см, ені 40 см болатын іргетас құйылған. Іргетасының биіктік өлшемінің әртүрлі болуы жер бедерінің ылдиланып келгеніне тікелей байланысты. Қабырғаларын тас тақтатастарды көлденеңінен қою арқылы өріп, биіктетілген. Үйдің іргетасынан 35-40 см биіктетіп өріп, әрі қарай 2 м болатын бөренелерден бағандар орналастырылып, ортасы ши мен шыбықтарды байланыстыра отырып, қабырға көтерілген. Қабырғаны сыртқы және ішкі жағынан саз

балшықпен сылап, қалыңдатқан. Үйге кіруге арналған есіктің ойығы оңтүстік бөлігінде орналасқан. Есік орны орналасқан аймақта тас тақтатастар ұзыннан емес көлденеңінен қойылу арқылы өрілген. Есік жерден бастап ұзындығы шамамен 1,5-2 м етіп жасаған. Сонымен қатар қосалқы бөлмелерге баратын ені 1 м болатын ұзынша дәліз бар. Есікті оңтүстіктен жасауының себебі – ық және жазды күндері самал желдің болуын ертедегі жергілікті тұрғындар білгенін айта аламыз. Үй құрылысының ішкі бөлігі тау гранитының үлкен тасымен екіге бөлінген. Гранитты тас бір жағынан дастарханның рөлін атқарған деген болжам айтамыз. Себебі құрылыстың солтүстік-шығыс бөлігінен еден деңгейінен үш дәнүккіш (диірмен) табылды (Самашев и др., 2021: 46). Ол дәнүккіштердің бетінде ұн қалдықтары сақталған, қандай дәннің үгіндісі екенін анықтау мақсатында Англияға талдауға жіберілді. Құрылыстың орталық бөлігінен екі баған орнатылған диаметрі 14 см болатын ойықтар тазартылды. Үйдің шығыс бөлігінде орналасқан 8 сектордың Р7 шаршысынан жерүсті ошақ жартылай аршылды, себебі ошақтың қалған бөлігі қазылмаған сектордың мәдени қабатында орналасқан. Жерүсті ошағын аршу барысында, орта тұсы күл қабатына толы екені анықталды, ошақтың бұзылған қабырғасындағы көрініске қарағанда, бұл құрылыс майда тас араластыра отырып, жұмбаздалған балшықтың көмегімен құрастырылған *(сур. 2)*. Шамамен ошақтың биіктігі еден деңгейінен 30-35 см биік. Үйдің батыс бөлігінде археологиялық тізім бойынша есептелетін 6 сектордың Н5 шаршысынан тас жәшігі бар жерүсті пеші тазартылды. Тас жәшік биіктігі 14-22 см аралығындағы ұзындығы 25-42 см аралығындағы гранит пен құмдақтас минералынан тұрғызылған. Жәшіктің бастапқы бейнесі тіктөртбұрышты, оны саз балшықтың көмегімен тұрғызған. Кейін оңтүстік-батыс бөлігіндегі қабырғасы құлаған немесе басқа құрылысқа пайдаланған болуы мүмкін. Жәшік белгілі бір заттарды сақтау үшін пайдаланылған. Қасында орналасқан жерүсті ошақ қазандық қоюға арналып жасалған тәрізді. Себебі оның оңтүстік-шығыс бөлігі ашық, ал қалған жағы тастармен саз араластыра отырып тұрғызылған. Ошақтың ортаңғы бөлігі үнемі күлді тазартудың салдарынан негізінен 5 см төмендеген. Сонымен қатар осы жәшік орналасқан жерде баған ойығының қалдығы



Сур. 2 | *Fig. 2*

табылды. Келесі жылға дейін бұзылып кету қаупі болғандықтан биылғы жылы баған орындары толығымен тазартылған жоқ.

Кіреберістің оңтүстік-батыс бөлігінде шаруашылық шұңқырдың сақталған бөлігі тазартылды. Шұңқырдан қола дәуірі кезеңіне жататын қыш ыдыстың сынықтары, сүйектен жасалған біз, қалақша және қырғыш қызметін атқарған бұйым және тастан жасалған үккіш пен балғаша табылды. Қыш ыдыстың сынықтарын диск тәрізді етіп жасап, қырғыш ретінде сынғаннан соң пайдаланылғанын зерттеу барысында анықтадық. Сынған қыш ыдыс бедері ирек тәрізді болып келген, бедер ыдыстың ернеуінен бастап түбіне дейінгі аралықта салынғанын табылған сынықтарды құрастыру барысында байқадық (*сур. 3*).

Қосалқы бөлме тігінен қойылған тақтатастан салынған, оның сыртқы бөлігі ертедегі материк қабатымен шектеседі, яғни қосалқы бөлмені саз қабатын ойып отырып салған деген болжам айтамыз. Қосалқы бөлменің ортаңғы бөлігінде жер ошақ орналасқан, жер ошаққа жалғасып диаметрі 50, тереңдігі 12 см ойық тазартылды. Ойық көрікті орналастыру үшін қолданылған болуы мүмкін, себебі бөлме ішінің барлық жері күйген қара топырақ қабаты мен күл аралас мәдени қабаттың болуы бұл тұжырымды айғақтайды. Жерүсті ошағы майда тастардан қаланған, бастапқы қалпының жойылуына 20-шы ғасырдың 1 жартысында осы аймақта мал жайылымы мен шөп шабатын орын болуына байланысты және сол кезеңдерде қоныс орналасқан аймақта ми балшықтың орын алуы себеп болған.

Дегенмен, ошақтың негізі мен көрік орналасқан аймақ, саздың бетіне орналасуына байланысты сақталып қалғанын айта кеткен жөн.

Сонымен қатар, қосалқы бөлменің ішінен қыш ыдыстың сынықтары, тас еңбек құралдары (балға, үккіш, қайрақ, кетпендер) табылды.

Тұрғын үйдің солтүстік батыс секторында таудың етегіне жалғасқан қосалқы бөлменің орны тазартылды. Бұл бөлме де бастырма тәрізді салынған. Таудың етегіне үлкен тіктөртбұрышты гранит тасынан жасалған үстел қойылған. Үстелдің бетінде ойықша, сырылған және тегістелген сызақтардың іздері көп, соған қарағанда, ол өндірісте пайдаланылған болуы мүмкін деген болжам айта аламыз. Сонымен қатар бөлменің ішінен қыш ыдыс сынықтары,



Сур. 3 | *Fig. 3*

кейбірінің ішкі бөлігі күйген, тас және сүйектен жасалған еңбек құралдары табылды.

Құрылыстың солтүстік-шығыс секторы теп-тегіс, бұл аймақтан дән үгуге және түюге арналған құралдардың шығуына байланысты осы аймақ үсті жабылған бастырма орналасқан өндірістік орын болуы мүмкін деген болжам жасалды.

Үй ішінен ыдыстың көптеген сынықтары, сынбаған дәнүккіш, диаметрі 40 см болатын шеңберлі диск, тас құралдарынан 12 дана – кетпендер, балғалар мен дисктер, қайрақтар табылды (*сур. 3*).

Қорыта келгенде, табылған археологиялық материалдар мен үй құрылысындағы ерекшеліктерге қарай отырып, Ақбауыр-III қонысы қола дәуірінде өмір сүрген малшылар мен егіншілердің қонысы деп болжам жасаймыз. Алдағы уақытта жүргізілетін қазба жұмыстарының нәтижесі бойынша қоныстың толыққанды қандай шаруашылықпен айналысқанын нақтылаймыз деген ойдамыз.

Әдебиеттер

1. Самашев З. Производственный центр ранних саков в Казахском Алтае (поселенческий комплекс Акбауыр) // Археология Южной Сибири. К 75-летию со дня рождения Владимира Васильевича Боброва. Вып. 28. – Кемерово: Изд-во КРИПКиПРО, 2020. – С. 103-118.

2. Самашев З., Чотбаев А.Е., Ержанова А.Е., Киясбек Г., Половцев М.Ю., Меделбек Ш. Начало работ на поселении Акбауыр III (предварительные результаты) //Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі. Ғылыми мақалалар жинағы – Өскемен: 2021. 10-24 бб. (со авторстве)

3. Самашев З., Чотбаев А., Ержанова А. Поселение Акбауыр-III // Алтай – Золотая колыбель тюркского мира. Сборник статей. – Усть-Каменогорск, 2022. – С. 133-139.

References

1. Samaşev Z. Proizvodstvennyi sentr rannih sakov v Kazahskom Altae (poselencheski kompleks Akbauyr) // Arheologia Iujnoi Sibiri. K 75-letiu so dnä rojdenia Vladimira Vasilevicha Bobrova. Vyp. 28. – Kemerovo: İzd-vo KRİPKiPRO, 2020. S. 103-118.

2. Samaşev Z., Chotbaev A.E., Erjanova A.E., Kiasbek G., Polovsev M.İu., Medelbek Ş. Nachalo rabot na poselenii Akbauyr III (predvaritelnye rezültaty) //Altai – türkı älemınıñ altyn besıgı. Ğylymi maqalalar jinağy – Öskemen: 2021. 10-24 bb. (so avtorstve)

3. Samaşev Z., Chotbaev A., Erjanova A. Poselenie Akbauyr-III // Altai – Zolotaia kolybel türkskogo mira. Sbornik statei. – Üst-Kamenogorsk, 2022. – S. 133-139.

Чотбаев А.Е.[1], Ержанова А.Е.[2]
Институт археологии им. А.Х. Маргулана
г. Алматы, Казахстан
e-mail: [1]*archtopmail@mail.ru*
[2]*erjanova_a@mail.ru*

ПОСЕЛЕНИЕ АКБАУР-III, ЗАНИМАВШЕЕСЯ ЗЕМЕЛЬНЫМ ХОЗЯЙСТВОМ

В статье представлены результаты археологических раскопок, проведенных на поселении Акбауыр-III, и даны результаты анализа археологических материалов. Особенность поселения заключается в том, что жители в эпоху бронзы занимались преимущественно скотоводством и земледелием, о чем свидетельствуют многочисленные орудия и кости животных, найденные в культурном слое. Особенно можно отметить массовость зернотерок. А также на разных участках имелись остатки наземных печей и очагов.

Ключевые слова: *поселение, наземные печи, бронзовый век, жилища, керамика, каменные орудия, костяные изделия, строения.*

Чотбаев А.Е.[1], Ержанова А.Е.[2]
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: [1]*archtopmail@mail.ru*
[2]*erjanova_a@mail.ru*

THE SETTLEMENT OF AKBAUYR-III, ENGAGED IN LAND FARMING

The article presents the results of archaeological excavations carried out at the Akbauyr-III settlement and the results of the analysis of archaeological materials. The exclusivity of the settlement is that the early inhabitants in the Bronze Age were engaged in cattle breeding and agriculture. This is evidenced by objects found in the cultural layer of the settlement. Above-ground stoves and hearths were found in the settlement. A large number of grain graters can be attributed to the work of growing and processing grain in the settlement.

Keywords: *settlement, surface furnace, Bronze Age, dwellings, ceramics, stone tools, bone products, constructions.*